

Г.А. Тлегенова^{1*}, Г. Шүкенай¹, Е. Демирай², П.Қ. Ертаева²

¹І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.

²Нийде Өмер-Халисдемир университеті, Түркия, Нийде қ.

*e-mail: gunya_85@mail.ru

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ «КӨК» ТҮСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Мақалада қазақ-түрік тілдеріндегі «көк» түсінің танымдық сипаты, зерттелу тарихы, ұқсастығы мен айырмашылықтары көрсетілді. Мақалада туыстас тілдердегі түс атауларының әлемнің тілдік бейнесін танытудағы қызметін айқындау мақсаты көзделді. «Көк» сөзінің этимологиясы талданып, қазақ және түрік тілдеріндегі «көк» сөзінің тіркесуімен жасалған қолданыстардың семантикалық және символдық мәні ашылды.

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі «көк» түсінің когнитивтік сипатын, оқушы танымын дамыту қызметтерін анықтау мақсатында эмпирикалық зерттеулер жүргізілді. Қазақ және түрік ғалымдарының «көк» түсіне байланысты зерттеулері ұсынылды. Жастардың тілдік әлеміндегі «көк» түсінің көрінісін сипаттау үшін І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті студенттері арасында сауалнама алынды. Сонымен қатар кесте түрінде қазақ тіліндегі көк түсінің түрікше баламалары берілді. Жалпы рең және реңк атауларына анықтама беріліп, аталмыш кестеде мағынасы сәйкес келетін және мағынасы сәйкес келмейтін реңктер анықталып, көрсетілді.

Зерттеудің нәтижесі бойынша қазақ тіліндегі реңктерді, түстердің айырмашылығын білдіретін сөздер түрік тіліне қарағанда көбірек. Түр-түс мағыналары мен символдар жүйесі – дәстүрлі танымда ғалам бейнесінің қабылдануына негіз болатын кодтардың бірі. Түр-түс атауы тілдік мүмкіншіліктердің өрісін кеңейте түсуге қажетті, әсерлі де әсем, бейнелі де айшықты сөз өрнегі болып саналады. Қазақ және түрік тілдерінде «көк» түсінің тыныштық пен үйлесімділік, сенім мен сенімділік, тереңдік пен даналық, бостандық пен шексіздік, мұң мен қайғы сынды символдық ассоциациясы анықталды.

Қазақ және түрік тілдеріндегі «көк» түсінің семантикалық сипаты, қазақ және түрік тілдік тұлғалар ұғымындағы символдық мәні ортақ, «көк» атауы екі тілде де көк және жасыл ұғымын береді. «Көк» сөзінің мәнерлі бояуы батырлық әндерде, көркем мәтіндерде, баталарда, қарғыстарда және алғыс сөздерінде жиі кездеседі. Біз «көк» түстің қазақ халқының менталитетін, психологиясын және ұлттық құндылықтарын тіл арқылы білдіретін тұжырымдамалық мәнге ие екенін көрсеттік. «Көк» сөзі – барлық түркі тілдес халықтарға ортақ. Бұл түс олардың тілдік және мәдени мұрасының ажырамас бөлігі.

Мақаланың тақырыбы екі ел арасындағы тілдік, мәдени, танымдық ортақ мәселелерді танытуға бағытталған зерттеулер қатарын арттыруға бағытталғандығымен өзекті.

Түйін сөздер: түр-түс атауы, қазақ-түрік, рең, реңк, көк, символ.

G. Tlegenova^{1*}, G. Shukenai¹, E. Demirai², P. Yertyaeva²

¹I.Zhansugurov Zhetysu University, Kazakhstan, Taldykorgan

²Nide Omer Halisdemir University, Turkey, Nide

*e-mail: gunya_85@mail.ru

Cognitive features of the concept “blue colour” in the kazakh-turkish languages

The paper shows cognitive features of the “blue colour” in the Kazakh-Turkish languages, history of research, similarities, differences. The aim of the article is to find out the role of color names in related languages in representing the linguistic picture of the world. The etymology of the word “blue” is analyzed, the semantic and symbolic meaning of the use of the words “blue” in the Kazakh and Turkish languages is revealed.

During the study an empirical research was conducted to determine the cognitive characteristics of “blue colour”. The article suggests the studies of Kazakh and Turkish scientists related to “blue colour”. The students of Zhetysu University had been surveyed to reveal the picture of “blue colour” in the language used by youth.

According to the results, there are more words in the Kazakh language that express hues, differences in colours than in the Turkish language. The system of colour meanings and symbols is one of the codes that are the basis for the perception of the universe image in traditional cognition.

Turkish languages gives a common symbolic meaning in the concept of language personalities. The name "blue" gives the concept of blue, green in both languages. In the Kazakh and Turkish languages, the symbolic association of the "blue" color is defined, such as calmness, harmony, faith, confidence, depth, wisdom, freedom, infinity, sadness. The expressive connotation of the "blue" is found in heroic songs, literary texts, blessings, curses, words of gratitude. We have shown that the "blue" color has a conceptual meaning that expresses through language the mentality, psychology, national values of Kazakh people. The word "blue" is common to all Turkic-speaking peoples. It becomes an integral part of their linguistic-cultural heritage.

The article is relevant a number of studies aimed at identifying common linguistic, cultural, cognitive problems between two countries.

Key words: the name of colour, Kazakh-Turkish, tint, hue, blue, symbol.

Г.А. Тлегенова^{1*}, Г. Шүкенай¹, Е. Демирай², П.К. Ертаева²

¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Казахстан, г. Талдыкорган

²Университет Нигде Омер-Халисдемир, Турция, г. Нигде

*e-mail: gunya_85@mail.ru

Познавательная характеристика «синего» цвета в казахо-турецком языках

В статье отражены познавательный характер, история изучения, сходства и различия «синего» цвета в казахско-турецких языках. Цель статьи – выяснить роль названий цветов в родственных языках в представлении языковой картины мира. Проанализирован этимология слова «синий», раскрыто семантическое и символическое значение употребления слов «синий» в казахском и турецком языках.

Эмпирические исследования были проведены с целью определения познавательной природы «синего» цвета в казахском языке и функций развития познаний учащихся. В статье представлены исследования казахских и турецких ученых, связанные с «синим» цветом. Для описания проявления «синего» цвета в языковом мире молодежи был проведен опрос студентов Жетысуского университета. Также даны эквиваленты синего цвета в казахском языке. Даны определения общих названий тонов и оттенков, а также в таблице приведены оттенки с совпадающими и несовпадающими значениями.

По результатам исследования в казахском языке больше слов, обозначающих оттенки и различия цветов, чем в турецком. Система цветовых значений и символов является одним из кодов, лежащих в основе восприятия образа мироздания в традиционном познании. Название вида цвета считается впечатляющим, образным, словесным выражением, необходимым для расширения поля языковых возможностей. В казахском и турецком языках определена символическая ассоциация «синего» цвета такие как, спокойствие и гармония, вера и уверенность, глубина и мудрость, свобода и бесконечность, печаль.

Семантический характер «синего» цвета в казахском и турецком языках дает общее символическое значение в понятии казахских и турецких языковых личностей. Название «синий» дает понятие синего и зеленого цвета в обоих языках. Выразительная окраска слова «синий» часто встречается в героических песнях, художественных текстах, благословениях, проклятиях и словах благодарности. Мы показали, что «синий» цвет имеет концептуальное значение, выражающее через язык менталитет, психологию и национальные ценности казахского народа. Слово «синий» является общим для всех тюркоязычных народов. Этот цвет становится неотъемлемой частью их языкового и культурного наследия.

Тема статьи актуальна тем, что расширяет ряд исследований, направленных на выявление общих языковых, культурных, познавательных проблем между двумя странами.

Ключевые слова: названия видов цвета, казахско-турецкий, тон, оттенок, синий, символ.

Кіріспе

Түр-түс атаулары – адам санасында өмірлік тәжірибе негізінде бекіген эмоционалды күй мен жағдайлардың байланысы, шындық бейнесі, әлемді танудың құралы. Қазіргі таңда тілімізде түр-түс атаулары мол болғанымен олардың түсін түстеп, өңін реңктік тұрғыдан ажырата білу ұлттық тіл үшін аса маңызды. Түр-түс

атауларының атын біліп, бірақ санамызда ол белгілі бір реңкпен ассоциацияланбаса бұл түстік атаулар уақыт өте келе тілдік қолданыстан мүлде жойылып кетеді. Яғни, түр-түстің тек атауларын біліп қоймай, оны тұрмыста да қолдануымыз қажет.

Түр-түс әлемінің кез келген ұлт мәдениетінде өзіндік ерекшелігі, өзіндік таңбалық мәні бар. Яғни, «мәдениеттегі түр-түс» арқылы адам өзінің

көзқарасын, эмоциялық күйін, адамгершілік түсініктерін білдірген. Қоршаған орта, кез-келген материалдық мәдениетке байланысты заттар, киім-кешек, құрал-жабдық, сонымен қатар рухани мәдениетке қатысты салт-дәстүрді түр-түссіз қабылдау мүмкін емес. Сондықтан да түр-түс ұғымы – ұлттық мәдениетті танытатын бірден-бір жол. Адам баласы әртүрлі түр-түсті көре отырып, бір-бірімен салыстыра отырып ажыратады. Түстердің бір тобы адамға жылы көрінсе, енді біреулері суық болып көрінеді.

Табиғаттағы тіршілік иелерінің өзіндік ерекше түстері жоқ, яғни шындығында ол түссіз, сондықтан біз қараңғыда тіршілік иесінің түсін көре алмаймыз, бірақ жарық түстер көзі болған кезде байқалады. Осылайша біз түстің пайда болуын түсіндіре аламыз. Біз күн сәулесін шыны призмдан өткізгенде, түстер жеті реңк қалыптастыру үшін ыдырайды және түс болып қалыптасады. Бұл түстер қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көк, қою көк және күлгін. Мысалы: түстің ыдырауын кемпірқосақтан байқауға болады. Бұл түс топтары күн сәулесінде қоймаларға айналды, кез келген нысанға келетін болсақ, бұл нысан кейбір түстердің кейбірін сіңіреді. Нәтижесінде нысандар олар көрсететін түсте көрсетіледі. Жалпы табиғатта осылайша барлық тіршілік иелерінің түсі ашылады. Мысалы: ағаш жасыл түспен көрсетіледі, нәтижесінде ол күн сәулесінің алты түсін сіңіреді және тек жасыл түсті көрсетеді. Түсі, оны әртүрлі тәсілдермен жасауға болады және олардың көпшілігі бірдей жалпы принцип бойынша жұмыс істейді. Түсті қалыптастыру, суретке түсіру және көру үшін бұл түс бақыланатын затты жарықтандыратын жарық оның спектрінде болуы керек.

Түр-түске байланысты қазақ және түрік тілдерінде жеке-жеке зерттеген ғылыми еңбектер бар. Атап айтқанда қазақ тілінде Ә.Т. Қайдар, Р.Т. Лауланбекова, Н.Н. Аитова, түрік тілінде Т. Кауыз, З. Байрактар, А. Özdemir және тағы да басқа зерттеушілердің еңбектері. Алайда қазақ-түрік тілдері материалдарын салыстыра жүргізілген зерттеулер аз.

«Көк» сөзі – барлық түрік тілдес халықтарға ортақ. Бұл түс – көне түрік Тәңірінің түсі, биіктік пен тереңдікті бейнелейтін аспан мен теңіздің, кемелділік, тұрақтылық, әділдік, айбын мен еркіндіктің символы болып табылады.

«Көк» сөзінің тілдік таңба ретіндегі мағынасы: «Ашық аспан тәрізді түс». Ал символ ретінде *көк* сөзі басқа семантикалық мәнде көрінеді Ал Ә. Марғұлан *көк* түс – көкке

табынудың, аспанның символы екендігін өз еңбегінде атап көрсетеді (Аитова, 2006 : 161)

Талдау барысында қазақ ұғымындағы көк түстің ең таза, киелі, қасиетті түс екендігі және оның тәңірлік сипатта келетіні анықталды. Көк түсіне қатысты белгілерді VII-VIII ғасырлар мұрасы – Орхон жазба ескерткіштерінен де табуға болады. Қазақ, түрік мифіндегі көк түс аспанға қатысты. Оған дәлел Күлтегін ескерткішіндегі «Биікте Көк Тәңірі, Төменде қара Жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған» деген үзінді. Түрік халықтары дүниені төрт бұрыш деп қабылдаған: шығыс – **көк**, оңтүстік – **қызыл**, солтүстік – **қара**, батыс – **ақ** түс. Көне түрік тілінде солтүстік – қара, оңтүстік – қызыл, шығыс – аспан (көк), батыс – ақ және сары бағыттарды көрсету үшін қолданылағаны белгілі. Төрт бағытпен қатар, тәуліктің төрт уақыты, төрт мезгіл де түстермен бейнеленген. Осы тұрғыда көк сөзінің географиялық ұғым ретінде, бағыт-бағдар, орын-жай мағынасында қазақ, түрік тілдерінде ұқсас екендігі байқалады.

Сонымен қатар, қазақ мәдениетінде қасиетті болып саналатын «көк» түсі, барлық түрік халықтарында бейбітшіліктің, бостандықтың, еркіндіктің символы болып табылады. Бұл 88 эмоционалды, экспрессивті сөздердегі түстің семантикалық ерекшеліктері «көк» біреудің эмоциясының белгісі ретінде қолданыла алады және символдық бейнелердегі рухани мәдениет болып табылады.

Түстер біздің психологиямызға әсер етіп, эмоцияларымыз бен ойларымызға әсер ететіні белгілі. Білім, саясат, экономика және т.б. көптеген салалардағы түстердің әсері пайдаланылады. Жанды, ашық түстер ынта мен толқуды тудырады, ал күңгірт түстер статикалық және салтанатты сезім тудырады. Ол әсер қалдырып, эмоцияларды басқаруда тиімді екені белгілі. Көбінесе адамдар өздері білмесе де, өздерінің психикалық күйін, ішкі дүниесін түс таңдаулары арқылы көрсетеді. Мысалы, сіз түрлі-түсті киім киген кезде «көңілді» боласыз. Зерттеушілер пікірінше, түстер жүйке-жүйесінің эмоционалды стимуляциясына жауапты басқармаларға тікелей әсер етеді. Біздің көзіміз бір түске назар аударған кезде миымыздан физикалық және эмоционалды деңгейде әсер ететін әртүрлі химиялық заттар шығарылады. Мысалы, қызғылт түс релаксация және тыныштандыратын әсерге ие болғандықтан ол түс түрмелерде жиі пайдаланылады. Психиатриялық

ауруханаларда кейбір препараттар зорлық-зомбылық жасаған қылмыскерлерді немесе науқастарды тыныштандыру үшін қолданылады. Күлгін және оның реңктері тыныштықты білдіреді. Жақсы ұйықтап, тынығу үшін оны жатын бөлмелерде пайдалану керек. Ол ыңғайлы ұйқыны қамтамасыз етеді. Қызыл және қызғылт сары – тәбетті арттыратын түстер. Көк түс тәбетті, жүрек соғу жиілігін басады. Біз қарастырып отырған «көк» түсінің психологияға әсері туралы қысқаша тоқталайық: көк – жалғыздықты, қайғыны, депрессияны, даналықты, сенімділікті және адалдықты бейнелейді. Ауруханаларда көгілдір түс, әсіресе қара көк, қатаң түрде аулақ болу керек. Психологтар пациенттермен кездесу кезінде ешқашан көк түсті киім киюге болмайды. Жұмыста жиналыстарға көгілдір түспен бару – шешімділік пен міндеттемені білдіреді. Сондықтан көк түс ең танымал түстердің бірі болғанымен, тамаққа қатысты мәселелерде ол қолданылмайды. Көк түсті қолданғанда абай болу керек. Өйткені көк түсті табиғи тәбетті басатын және кейбір салмақ алғысы келетіндер көк түстен аулақ болу керек, өйткені ол белгілі бір жағдайларда жағымсыз әсер етуі мүмкін. Көк және ашық көк түске боялған орталар тиімділік пен өнімділікті арттырады. Сонымен қатар, адамдар көк түспен жазылған мәтінді көбірек есте сақтайды.

Көшпелі өмір салтын кешіп, табиғатпен етене байланыста өмір сүрген түрік халқы жердің түсіне қарап жасыл, сұр, сары; аспан түсінен көк, жылқылардың түсі мен оттан қызыл түсті алған. Түріктердің түрлі-түсті әлемі көшпелі өмірден нәр алатын ауыз әдебиетінде қарқынды зерттелген. Тілден тілге, ауыздан ауызға ауысып келе жатқан Қорқыт ата әңгімелерінде түстер бүгінгі күнге дейінгі дәстүрлер мен наным-сенімдерге байланысты ерекше мағынаға ие. Бұл әңгімелердің басым түстері – ақ, қара, қызыл, сұр, көк және сары. Қорқыт ата хикаяларындағы оғыз тайпасы өмір сүрген жерлердің бірі Ала Тау, Көк тау, Көк теңіз, Қара тау т.б. жерлер атаулары кездеседі. Түрік наным-сенімдерінде құрбандық шалу рәсімдерінің маңызы ерекше. Құрбандық шалу рәсімдердің мазмұнына қарай түрлі түсті жануарлар құрбандық ретінде пайдаланылды. Құрбандыққа шалынатын мал әртүрлі болғанымен түрік халқының өмірінде ең маңызды орынға ие. Бұл жерде де түстерге ерекше мән бергендігі байқалады. Түрік мәдениетіндегі тағы бір маңызды мәселе – ат қою. Көне түріктерде жаңа туған нәрестеге ат қою рәсімін жасау

дәстүр болды. «Манас» эпосындағы жаңа туған нәрестеге ат қойған адамның аты оның сақалды адам екенін көреміз. Мысалы, ат қою кезінде нәрестеге ақ түсті киім кигізіп, киізге орап, оны үш, жеті, тоғыз рет есіктің босағасынан өткізген. Бұл сәби өмір бойы аппақ (таза) болсын, ғұмыры ұзақ болсын дегенді білдіреді.

Қазақ-түрік тілдеріндегі «көк» түс бұл түсті қабылдаудың мәдени, тарихи, тіпті тілдік аспектілерін көрсететін бай когнитивтік сипатқа ие.

Көк түс мәдениеттер мен контексттерде әртүрлі болуы мүмкін көптеген символдық мағыналарға ие. Төменде көк түспен ең көп таралған символдық ассоциациялардың кейбірі берілген:

1. Тыныштық пен үйлесімділік: көк түс көбінесе бейбітшілік, тыныштық және үйлесімділікпен байланысты. Ол тыныштық пен жайлылық сезімін тудыруы мүмкін.

2. Сенім және сенімділік: көк түс сенім мен сенімділікпен де байланысты. Сондықтан көптеген қаржы және байланыс компаниялары логотиптерінде көк түсті пайдаланады.

3. Тереңдік пен даналық: көк түс ойдың тереңдігін, даналық пен парасаттылықты білдіреді. Оны рефлексиямен, оқумен және дамумен байланыстыруға болады.

4. Бостандық пен шексіздік: көк түс кейде ашық аспанмен және мұхит кеңістігімен байланысты. Ол еркіндікті, кеңістікті және шексіздікті бейнелей алады.

5. Мұң мен қайғы: Кейбір адамдар көк түсті меланхолия мен қайғының символы ретінде қабылдайды. Әртүрлі мәдениеттерде көк түстің теріс түсіндірмесі де болуы мүмкін.

Түстердің символдық табиғаты субъективті және мәдени және жеке айырмашылықтарға байланысты өзгеруі мүмкін екенін ескеру маңызды.

Түр-түс ұғымдарын талдап, бағамдай түскенде, топтастырғанда көк түстің ұлттық менталитетімізді айқындауға зор септігін тигізетінін анықтадық. Әсіресе көк түс – тазалық, пәктік белгісі десек, оның өзі құдіретті күш иесі – Тәңірімен байланыста қарастырылған. Байқасақ, «көк» сөзіне қатысты тілдік, белгілік мағыналарда жағымсыз ұғымнан гөрі, ұнамдылық белгісі басым екен (Лауланбекова, 2010: 18).

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде салыстырмалы-тарихи талдау, жинақтау, семантикалық талдау, когнитивтік талдау әдістері пайдаланылды.

Ғалым Г. Смағұлова «Түсіндірме сөздік: түр-түс атаулары мен реңктері» атты еңбегінде: «Қазақ тілінде 1230-дан астам түр-түс атауы бар, олардың 15 негізгі түр-түстер, 300-ге жуығы туынды атаулардан пайда болған түр-түс атаулары. Адамға қатысты сипатталатын түр-түстер

рең деп, ал түр-түстерден тарайтын бояуларды **реңк** деп атаған қисынды» деп жазған.

Төмендегі кестеде қазақ тіліндегі көк түсінің түрікше баламалары берілген. Кестеде мағынасы сәйкес келетін және мағынасы сәйкес келмейтін реңктер анықталып, көрсетілген.

1-кесте – Қазақ тіліндегі көк түсінің түрікше баламалары.

Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Мағынасы сәйкес келетін реңктер	
Көк	Mavi
Көгілдір	Gökçül, mavimsi
Ақшыл көгілдір	Açık mavi
Көгілжім	Gökçül, gökçe
Көк ала	Boz alaca, gök alaca
Көк бурыл	Kırca, kırçıl
Көгіс	Gökçül, gökçe
Көк жасыл	Turkuaz, turkuaz mavisı, turkuaz yeşili
Көк зеңгір	Berrak, gökçül renk
Көкпеңбек	Açık gök, gökçül
Көк сұр	Gökçül boz, haki, donuk mavi
Көк теңбіл	Boz kır
Көкше	Gökçe
Көкшіл	Gökçül
Көкшіл күлгін	Bulanık gök
Қап-қара көк	Lacivert
Қуқыл көк	Çelik mavisı
Теңіздің суындай ашық көгілдір	Akua
Қайың көк	Turkuaz
Мұз қара көк	Koyu mavi
Мағынасы сәйкес келмейтін реңктер	
Тек қазақ тілінде кездесетін реңктер	Тек түрік тілінде кездесетін реңктер
Атлас көк	körpe yeşillik rengi
Шықый көк	kül rengi
Көктұқыл	körpe ot
Көкшіл торғын	çayır
Көк бурыл	
Көкбарқын	
Алқаракөк	
Көгіс	
Қуқыл көк	
Көк майқара	
Айқын көк	

Кестеде берілгендерді саралай отырып, қазақ және түрік тілінде мынадай ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтадық:

– қазақ тілінде «ашық» түрік тіліндегідей ашық түстерді көрсету үшін түрік тіліндегідей «кою» түстерді көрсету үшін «кою» сөзі

қолданылады. «Ал» сөзі де көбінесе «ашық» дегенді білдіреді.

– қазақ тілінде аралас түсті білдіру үшін түрік тіліндегідей «ала/ ala» сөзі қолданылады.

– түрік тілінде қазақ тіліндегі кейбір түс реңктерінің дәл баламасын табу өте қиын. Мысалы, «көкше, көкшіл, көкшілдеу, көкжілтім» тондарын нақты бөлуді анықтау өте қиын.

– қазақ тіліндегі ұсақ реңктерді, түстердің айырмашылығын білдіретін сөздер түрік тіліне қарағанда көбірек кездеседі.

Әдебиеттерге шолу

Түркі тілдеріндегі түр-түс атауларының семантикасын алғаш рет академик А.Н. Кононов зерттеуді қолға алып, географиялық терминологияда кездесетін «ак» және «кара» сөздерінің семантикасын, түс атауларының мағыналық ерекшеліктерін қарастырған. А.Н. Кононов «О семантике слов «ак» и «кара» в тюркской географической терминологии», «Семантика цветообозначений в тюркских языках» атты еңбектерінде түркі халықтары тіліндегі түр-түс атауларының жасалу жолдары мен олардың білдіретін мағыналарын зерттейді (Кононов, 1978: 367).

Қазақ тіліндегі түр-түстердің зерттелуі, олардың семантикалық ерекшеліктерін, символдық мәнін, қолданылуын Ә.Т. Қайдар, Р.Ф. Сыздықова, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков, Ш. Жарқынбекова, Ұ.Б. Серікбаева, Қ.Т. Қайырбаева, Р.Т. Лауланбекова, Ғ.Қ. Хасанов және тағы да басқа зерттеушілер қарастырған. Ал түрік ғалымдарынан А. Doğan, G. Tekin, T. Kaymaz, Z. Bayraktar, A. Özdemir, G. Nevzat, Ş. Öztürk, т.б. ғалымдар түр-түс атауларын зерттеген.

Жалпы түркі тілдес елдер көпке дейін көк пен жасыл түстерді ажыратпай келген, сол себептен көк түсінің мағынасы да көп болды. А.Н. Кононовтың көрсетуінше түркі тілдеріндегі «көк» түстің орысша аудармалары келесідей: «синий», «голубой», «лазурный», «светло-зеленый», «сизый», «небесного цвета», «цвет молодой зелени», «серый», «небо», «молодая трава», «зелень», «луг» (Кононов, 1978: 69 б).

Ғ.Қ. Хасанов өз еңбегінде қазақ тіліндегі «көк» атауының өз негізгі («синий», «голубой») мағынасынан басқа ауыспалы мағыналарда да қолданылатыны жайлы жазған:

«Көк – шөп, көгеріп тұрған өсімдік, көкөніс. Мысалы, төбесі көкке жету («ерекше қуану»),

«мақтану»); көктен тілегені (іздегені) жерден табылу («жерден жеті қоян тапқандай қуану», «аяқ астынан мол табысқа кенеліп, қарық болу»); көк соқыр! (қарғау: космогониялық сенім-наным бойынша көктегі тәңірінің қаһарына душар болуды тілеу); көкке көтерілу т.б.

Көк – арық, жасық, майсыз, дәмсіз. Мысалы: көк жасық («арық ет»); көк бақа қозы («арық, ет алмаған қозы»); көк қарын («арық»); көк шалап («майсыз, дәмсіз, су араласқан айран»).

Көк – көнбіс, шыдамды, бірмойын; елеусіз, көптің бірі. Мысалы, ол жүрген бір көк есек («ол айтқанға көніп, айдағанға жүре беретін көнбіс») көк жұлын (шабысқа шыдамды жылқы»); көлденең жүрген көк атты («елеусіз өз бетімен жүрген біреу») т.б.

Көк – қаһарлы, қайсар, айлалы, адуынды, ашушаң. Мысалы: көк айыл, көк долы, көк бет, көк дауыл, көк жендет, көк шұлан, көкжал бөрі, көк шешек т.б.

Көк – мылжың, көп сөйлейтін адам: көк езу, көк малта (сын) езу, көк мылжың (бұлардың бәрі де «көп сөйлейтін мылжың, өзеуреп, бір айтқанын қайта айтып, өндірішіктеп, елдің аузын аштырмайтындар») т.б.

Көк – сылдыр, жалқау, қалжыраған, топас. Мысалы, көк желке болу, көк жұлын болу («титықтау, қалжырау»); көк тер болу («болдыру, шаршап-шалдығу»); көк иық болу («болдыру»); көк жалқау («аяғын бір баспайтын еріншек»); көк ми («өз бетінше ойлана алмайтын, айтқанға түсінбейтін топас, милау») т.б.» (Хасанов, 2016: 220).

Нәтижелер мен талқылау

Келесі кезекте түрік тіліндегі көк түсінің мағынасына тоқталсақ.

Mavi – hoşnutluk, iyi niyet, merhamet, açık sözlülük, dürüstlük, esneklik, yumuşak başlılık, anlaşma, uzlaşma, işbirliği ve huzuru çağırıştırır. Mavi, ister çok koyu, ister açık olsun, içinde özgürlük ve uyum taşıyan bir renktir. Mavi, gökyüzü, su ve denizlerin, aynı zamanda sonsuzluk ve huzurun rengidir.

Mavi – sınırsızlığı, sükûneti, üretkenliği ve uzak bakışlılığı simgeler. Huzuru temsil eder ve sakinleştirir. Mavinin kanın akışını yavaşlatmasından ötürü insan psikolojisi üzerinde rahatlatıcı bir etkisi de bulunmaktadır. Verdigi güven duygusuyla insanın çabuk karar vermesine de yardımcı olduğu söylenmektedir. Kırmızının aksine insanın kendisini emniyette hissetmesini sağlar. Bunun dışında mavi

renk zaman içerisinde soğukluk, sakinlik, serinlik, idealizm, erkeklik, üretkenlik, güvenilirlik, bağıllık, uyum, sükûnet, depresyon, dostluk gibi kavramların da sembolü haline gelmiştir. Mavi rengin okyanuslarla olan özdeşliği ona derinlik kazandırır. Dolayısıyla o renklerin en derin olanıdır. Bu nedenle de mavi sonsuzluğu, sadakati, vefayı ve ruhaniliği sembolize eder. Gök ve yeşil renkleri mavi ile beraber Türkçe’de kullanılan renk isimleridir. Gök renk ve mavi, gökyüzünün ve suyun simge ve alametidir.

Gök rengi dostluk, sadakat, aydınlık, temizlik sembolüdür.

Mavi, dünya ulusları arasında barışı ve uzlaşmayı sağlamakla yükümlü uluslararası bir renk haline almıştır. Mavi, bütün renklerin en barışçılı, en yansız olmuştur.

Mavi renk soyluluğu, saygınlığı ve güçlülüğü çağırıştır. Mavi, kırmızının karşıtıdır. Mavinin tansiyonu düşürdüğü ifade edilmektedir. Kırmızı kan dolaşımını artırırken, mavi de bir o derece düşürür. Nazar boncuğu mavidir. Anadolu’da nazar boncuğunun kötülükleri insandan uzaklaştırdığına inanılır (Öztürk, 2015: 13).

Қазақ тіліне аударатын болсақ:

Көк түс қанағатшылық, мейірімділік, жанашырлық, адалдық, икемділік, жұмсақтық, түсінушілік, ымырашылық, ынтымақтастық және бейбітшілікті білдіреді. Мазасыздықты басып, тыныштандыратын да әсері бар. Демалысты жақсы көретін орталарда көгілдір реңкті шағылыстар болуы керек.

Көгілдір өте қою немесе ашық болсын, еркіндік пен үйлесімділік әкелетін түс.

Қою көк байыптылық пен жан-жақты ойлауға шақыратын түс. Көк түс – аспанның, су мен теңіздің, сондай-ақ мәңгілік пен бейбітшіліктің түсі.

Аспан түсі – достықтың, адалдықтың, жарық пен тазалықтың белгісі.

Көк түс әлем халықтары арасындағы бейбітшілік пен келісімді білдіретін халықаралық түске айналды. Көк түс тектілік, абырой мен күшті де білдіреді. Көк – танымдық тұрғыда қызылға қарама-қарсы мағынада қолданылады. Қызыл түс қан айналымын арттырса, көк түс төмендетеді.

Жаман көзден сақтайтын көк моншақ. Анадолыда адамдарды жамандықтан, тіл-көзден сақтайтын көк түсті моншақ болып саналады.

Түрік ғалымы А. Өздемир «Kazakçada renk kavramı ve renkleri» тақырыбында жазылған мақаласында: «жалпы түрік мәдениетінде «аспан» түсі ретінде көрінетін көк – қасиетті деп саналатын аспан мен судың белгісі. Бұл мәңгілік, қауіпсіздік пен тыныштықты, достықты, адалдықты, өркендеуді, жеңілдікті, тазалықты және руханилықты бейнелейді. Қазақ тіліне аударғанда, көк түс (аспан түсі) бағыттың атауы, шығыстың, туудың, болудың, басталудың, алғашқы күйдің көрінісі ретінде қабылданды.

Түрік мәдениетінде аспанды күмбезге ұқсатып, аспан күмбезі деп атайды. Сондықтан көк (аспан) түсі мешіттер, медреселер, қабірлер мен мұнара сияқты ғимараттарда қолданылады. Бұл теңіз бен аспанның түсі болғандықтан, мәңгілік пен бейбітшілік ұғымдары осы түспен кездеседі. Бұл кеңістікте кездесетін осы мағыналарға байланысты жиі қолданылатын түс. Сонымен қатар, көк түс жаман көзден қорғайды. Көгілдір көзді моншақтар таптырмас аксессуарлардың алдыңғы қатарында кездеседі (Özdemir, 2015: 165).

Nesrin Bayraktar: «Аспан түсін білдіретін атаулар қарастырылғанда көк түс атауын жеке талданған. Сонымен қатар «жастық, балғындық, балалық, артықтық, сұлулық» деген мағыналарды да алған. «Аспан» мағынасының қарқындылығымен қатар «құдай» мағынасын да сақтайды. (Gök renk adının anlam ve kavram alanlarına bakıldığında, bu renk adının renk kavramı dışında, “gençlik, tazelik, çocuk, aşırılık, güzellik” anlamlarını da kazanmış olduğu görülmektedir. Ayrıca “gökyüzü” anlamının yoğunluğu yanında “tanrı” anlamını da koruduğu görülmektedir (Bayraktar, 2014: 60).

Жоғарыда ұсынылған ғалымдардың тұжырымы бойынша түрік тіліндегі «көк» сөзінің мағынасы, қолданылуы қазақ тіліндегіге ұқсас екеніне көз жеткіздік.

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі «көк» түсінің когнитивтік сипатын, оқушы танымын дамыту қызметтерін анықтау мақсатында эмпирикалық зерттеулер жүргізілді. Жастардың тілдік әлеміндегі «көк» түсінің көрінісін сипаттау үшін І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті студенттері арасында 65 студенттен сауалнама алынды. Нәтижесі төмендегідей:



1-сурет – «Көк» түстің ассоциациясы.

1-суретте берілген мәліметтерге сәйкес, студенттерде «көк» сөзі «аспан» сөзімен ассоциацияланатынын байқадық.



2-сурет – «Көк күміс» реңкінің сипатталуы



3-сурет – «Көк болат» реңкінің сипатталуы.

Ал «көк күміс» сөзі «күміс» және «теңіз» сөздерімен, «көк болат» сөзі 100 % «металл» сөзімен сипатталады.

Келесі кезекте «көк» түсінің көкпеңбек, жалтыр көк, көк бурыл, аспан көк, көгілдір, ашаң көк, көк қасқа сынды реңктері ұсынылып, студенттердің ол сөздерге қатысты ассоциациясы талданды. Студенттердің жауаптары төмендегідей:

«Көкпеңбек» түсіне қатысты, ассоциацияланатын сөздерді (зат, құбылыс т.б. атаулары) жазыңыз» деген сұраққа аспан – 24 студент, *теңіз* – 8, *мұхит* – 4, *шөп* – 2, *өзен* – 1, *су* – 2, *бұлақ* – 2, *мұз* – 2, *баяу* – 2, *көйлек* – 2, *көз* – 5, *ерін* – 2, *алма* – 3, *қарындаш* – 4, *мата* – 2.

«Жалтыр көк» түсіне қатысты: *мұз* – 17, *металл* – 11, *темір* – 10, *бриллиант* – 5, *көзмоншақ* – 7, *су* – 8, *теңіз* – 5, *тас* – 3.

«Көк бурыл» түсіне қатысты: *ат*, *жылқы*, *тұлпар* – 17, *боран* – 12, *түйе* – 13, *теңіз* – 6, *сақал* – 11, *түтін* – 4, *толқын* – 2.

«Аспан көк» түсіне қатысты: *аспан* – 15, *ашық түс* – 5, *табиғат* – 5, *тау* – 2, *теңіз* – 10, *көз* – 12, *биіктік* – 6, *бұлт* – 4, *таза ауа* – 1, *көйлек* – 5.

«Көгілдір» түсіне қатысты: *аспан* – 11, *экран* – 8, *теледидар* – 10, *киім* – 3, *зат* – 1, *су* – 10, *ту* – 3, *теңіз* – 5, *өзен* – 1, *көл* – 9, *әйнек* – 2, *аққу* – 2.

«Ашаң көк» түсіне қатысты: *жылқы*, *құлын*, *тай* – 18, *көл* – 3, *баяу* – 16, *теңіз* – 6, *мата* – 12, *бұлт* – 3, *күл* – 5, *көрпе* – 2.

«Көк қасқа» түсіне қатысты: *жылқы*, *тұлпар*, *ат* – 19, *маңдай* – 7, *жәндік* – 8, *көбелек* – 11, *тазы* – 18, *тау* – 2.

Студенттер ұсынған жауаптардан олардың танымында «көк» түсі реңктері ассоциацияланатын сөздердің төмендегідей лексика-семантикалық топтарын анықтадық:

– табиғат құбылыстары мен географиялық атаулар (боран, тас, шөп, таза ауа, биіктік, түтін, бұлт, табиғат, тау, күл);

– су көздері мен оған қатысты атаулар (мұхит, теңіз, су, көл, өзен, толқын, бұлақ, мұз);

– металл мен бағалы тастар (болат, темір, металл, бриллиант);

– жан-жануарлар (жылқы, құлын, тай, тұлпар, ат, тазы, түйе);

– жәндіктер мен құстар (көбелек, аққу, жәндік);

– жеміс атаулары (алма);

– тұрмыстық заттар (көрпе, теледидар, экран, киім, зат, мата, әйнек, көзмоншақ, қарындаш, көйлек, бояу, көйлек, ту);

– анатомиялық атаулар (көз, ерін, маңдай, сақал).

Жоғарыда анықталған топтардың ішінде жер-су аттарына келетін болсақ, жер-су атауларында өте жиі кездесетін түр-түс атаулары бірдей қолданылмай, ол ұғымдардың әртүрлі табиғи жағдаймен сәйкестігін, географиялық ерекшеліктерін, орнын анықтауға қатысты қолданылады. Қазақ және түрік тілдерінде жер-су атауларының құрамында кездесетін түр-түс аттары көбіне дүниенің төрт бұрышын, яғни батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін, орналасуын тек осы тілдерге ғана тән ерекшелік емес. Бұл бүкіл түркі әлеміне ортақ көне замандардан келе жатқан космогониялық, геосимволдық дәстүр болып саналады.

Табиғи ортаға бейімделе отырып жер бедерін, климат ерекшеліктерін, су көздерін анықтау, жайылымдардың сипаты, т.б. белгілер жер-су атауларынан көрінісі болып табылады. Кез келген аймақтағы жер-су атаулары халықтың тілдік негізінде жасалады. Көне түркі тілінің тасқа жазылған ескерткіштері елдің қазіргі дәуірге дейінгі тілдік жүйесінен хабардар етіп, жер-суға қатысты көне атауларды талдауға жөн сілтейді. Атаулардан елдің шаруашылық ерекшелігін, күнделікті тыныс тіршілігін, табиғатты пайдаланудағы қызметін де анықтауға да болады. «Көк» компонентті жер-су атаулары қазақ топонимикасында өте жиі және топоним түрлерінің (жер, су, тау, қала, мекен, дала, т.б.) бәрінде де кездесетіні анықталды. Мысалы, Көксу, Көктөбе, Көкжайлау, Көктерек, Көккебек, Көкқұрақ, Көкмола, Көктау, Көкқұрақ т.б. Ғалым Б. Тілеубердиевтің пікірінше түр-түсті білдіретін қазақ топонимдерінің семантикасын талдауда жер-су атауларының құрамындағы «түр-түс» сын есімдері тек түсті ғана білдіріп қоймайды, кейбір топонимдерінде түстен бөлек мағынаны да білдіретінін байқауға болатындығын айтады. Бұдан шығатын қортынды, осы саладағы зерттеулерді негізге ала отырып, құрамында ақ, қара, қызыл, көк, сары, боз, ала т.б. түр-түс атаулары кездесетін күрделі топонимдердің түстік мағынадан алшақтап бағыт-бағдарды, басқа заттық түсініктердің белгісі болатынын аңғаруға болады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақ және түрік тілдеріндегі «көк» түсінің семантикалық сипаты, қазақ және түрік тілдік тұлғалар ұғымындағы

символдық мәні ортақ, «көк» атауы екі тілде де көк және жасыл ұғымын береді. Семантикалық ассоциациялар: қазақ мәдениетінде «көк» тазалықпен, даланың шексіз аспаны мен терең көлдермен байланысты. Бұл түс кеңістікті, еркіндікті және табиғатпен үйлесімділікті білдіреді. Түрік тілінде «mavi», яғни «көк» сөзі аспан және сумен байланыстырылады. Бұл түс сергектік, салқындық және айқындықты білдіреді.

Тарихи аспектілеріне келетін болсақ, екі тілде де «көк» түстің ежелгі дәстүрлер мен діни нанымдармен байланысты терең тарихи тамыры болуы мүмкін.

Түрікжәне қазақ мәдениеттерінде көгілдір түс руханият пен діни ұғымдардың символы болуы мүмкін. Бұл түсті мешіттердің, кесенелердің және басқа да киелі орындардың дизайнында қолдануға болады. Тілдік ерекшеліктеріне тоқталсақ, екі тілде де көк түстің әртүрлі реңктерін сипаттайтын бірнеше сөздер мен тіркестер бар. Бұл екі тілде де түс палитрасының молдығына орай түс атауларының да бай екенін және зерттеуді қажет ететінін көрсетеді.

Күнделікті өмірге әсері: Көк түс ұлттық киімдерде, зергерлік бұйымдар мен өнерде кездеседі, күнделікті өмірге еніп, мәдени бірегейлікті тудырады.

Тұтастай алғанда, қазақ-түрік тілдеріндегі «көк» түсінің танымдық табиғаты осы халықтардың табиғаты, руханияты, дунитанымы және тарихымен байланысты терең мәдени құндылықтарын көрсетеді. Бұл түс олардың тілдік және мәдени мұрасының ажырамас бөлігіне айналады.

Түр-түс атаулары дәстүрлі танымда ғалам бейнесінің негізгі кодтарының бірі, әлемді танудың құралы. Түр-түс атауы тілдік мүмкіншіліктердің өрісін кеңейте түсуге қажетті, әсерлі де әсем, бейнелі де айшықты сөз өрнегі болып саналады. Қазақ және түрік лингвистикасындағы «көк» түсінің эмоционалды экспрессивті табиғаты тіл мәдениетін анықтаудың негізгі көрсеткіші, адам санасының

жаһандық бейнесін танудың тұжырымдамалық белгісі болып саналады деп айтуға болады. Біз мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен метафоралар басқа сәндік құралдармен бірге эмоцияларды жеткізу үшін таптырмас тілдік бірліктер екенін көрдік. Сонымен қатар, көркем мәтіндер мен поэзияда, аңыз-әңгімелерде де «көк» сөзімен сипатталған адамның ішкі эмоциялары тілдің экспрессивті әсерін күшейтетін және ұлттық дәм беретін эмоционалды түсінудің ерекше құралы болып табылады. «Көк» сөзінің мәнерлі бояуы батырлық әндерде, көркем мәтіндерде, баталарда, қарғыстарда және алғыс сөздерінде жиі кездеседі. Біз «көк» түстің қазақ халқының менталитетін, психологиясын және ұлттық құндылықтарын тіл арқылы білдіретін тұжырымдамалық мәнге ие екенін көрсеттік. Қазақ тіліндегі «көк» түсіне байланысты фразеологиялық бірліктердің эмоционалдылығы мен эмоционалды мүмкіндіктері қолданылған мәтінде айтылған ойдың әсерін күшейтетіні, сондай-ақ оларға мәнерлі күш беретіні рас. Біз нақты мәліметтер арқылы «көк» түсімен көрсетілген қарапайым тіркестер адам ашулану, реніш және қарғыс эмоцияларын білдірген кезде жиі қолданылатынын көрсете алдық. «Көк» арқылы берілетін эмоционалды күйдің анықтаушы сипаттамасы оның тұтастығы және басқа күйлер мен реакцияларға күшті және ерекше әсері болып табылады. Қазақ тіліндегі көк түсінің түрікше баламаларын кестеде көрсетіп, нәтижелерін көрсеттік. «Көк» түсінің көкпеңбек, жалтыр көк, көк бурыл, аспан көк, көгілдір, ашаң көк, көк қасқа сынды реңктері ұсынылып, студенттердің ол сөздерге қатысты ассоциациясы талданып, студенттердің жауабы берілді. Бұл мақала жалпы түстің ерекшеліктерін зерттеуді көздейтін болашақ ғалымдарға пайдалы болады деп ойлаймыз.

Қазақ тіліне бағытталған осы зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар басқа тілдер үшін жаңа мүмкіндіктер ашуы мүмкін. Болашақ зерттеулер басқа түркі тілдеріндегі көк түсті зерттеуді тереңдетіп, жұмысымызды кеңейте алар еді.

Әдебиеттер

- Кононов А. Семантика цветообозначений в тюркских языках. – Москва, 1978. – 367 б.
 Аитова Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 б.
 Лауланбекова Р. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты. – Алматы, 2010. – 18 б.
 Хасанов Ғ. Қазақ тіліндегі «Көк» сөз-символының семантикалық ерекшелігі. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ, 2016. – 220 б.

- Өзгүрік Ш. Türk Kültüründe Renk Kavramı Ve Renklerin Maddi Kültür Unsurlarına Yansımaları. – Анкара, 2013. – 9 б.
- Өздемир А. Kazakçada renk kavramı ve renkler. – Ерзрум, 2015. – 165 б.
- Несрин Б. Türkçede Kişi Adlarında Renk Adları – Colour Names in Turkish Personal Name. – Анкара, 2014. – 60 б.
- Күчук С. Türkiye Türkçesinde Renk Adları Ve Özellikleri // Uluslararası Sosyal Araştırmalar Dergisi. – Анкара, 2010. – 251 б.
- Смағұлова Г., Мәнкеева А. Түр – түс атаулары мен реңктері: Түсіндірме сөздік. – Алматы, 2016. – 8 б.
- Каймаз З. «Türkiye Türkçesi Ve Ağızlarında Renk Bildiren Kelimelerin Kullanılışı Ve Sistematiği». – Анкара, 1997. – Б. 251-341.
- Панзат Ж., Хайликова Н. Эмоциялық, экспрессивті сөздердегі түстің мағыналық ерекшеліктері: Қазақ тіліндегі «Көк ұғымы» // International Journal of Society, Culture and Language. – 2023. – P. 87-88.
- Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З, Өмірбеков Б. Сырға толы түр мен түс. Алматы, Ана тілі, 1986. – 95 б.
- Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З, Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы. Ана тілі, 1992. – 160 б.
- Қашқари М. Түрік сөздігі. Алматы, 1998. 1-3 т. – 300 б.
- Түрік тілінің жинақ сөздігі. TDK (2009). Derleme sözlüğü V. – Анкара, – 102-108 бб.

References

- Aitova, N. (2006) Qazaq tilindegi tur-tus ataularynyn kognitivtik semantikasy: oku kuraly [Cognitive semantics of color names in the Kazakh language: manual]. Aktobe. (in Kazakh)
- Hasanov, G. (2016) Qazaq tilindegi «Kok» soz-sımvolynyn semantikalıq ereksheligi. [Semantic feature of the word-symbol "Kok" in the Kazakh language]. Oral. (in Kazakh)
- Kononov, A. (1978) Semantika tsvetooboznacheniı v turkskık yazykah [Semantics of color designations in the Turkic languages]. Moscow. (in Russian)
- Kuchuk, S. (2010) Türkiye Türkçesinde Renk Adları Ve Özellikleri. Uluslararası Sosyal Araştırmalar Dergisi [Color Names and Characteristics in Turkish of Turkey. International Journal of Social Research]. Ankara. (in Turkish)
- Kaymaz, Z. (1997) “Türkiye Türkçesi Ve Ağızlarında Renk Bildiren Kelimelerin Kullanılışı Ve Sistematiği”, Tday, Belleten [Turkish Turkish And The Use And Systematization Of Words That Indicate Color In The Mouth”, Tday, Belleten]. Ankara. (in Turkish)
- Kaydarov, A., Ahtamberdiyeva, Z, Omirbekov, B. (1986) Syrga toly tur men tus [The earring is full of type and color]. Almaty, Ana tili. (in Kazakh)
- Kaydarov, A., Ahtamberdiyeva, Z, Omirbekov, B. (1992) Tur-tusterdin tildegi korinisi [Species is the expression of colors on the tongue]. Almaty. Ana tili. (in Kazakh)
- Kashkari, M. (1998) Turik sozdigi [Turkic dictionary]. Almaty. (in Kazakh)
- Laulanbekova, R. (2010) Tur-tus komponentti kurdeli atalymdardyn tanymdyq sıpaty [The cognitive nature of complex names with a color-color component]. Almaty. (in Kazakh)
- Nesrin, B. (2014) Türkçede Kishi Adlarında Renk Adları Colour Names in Turkish Personal Name [Color Names in Turkish Personal Names Color Names in Turkish Personal Names]. Ankara (in Turkish)
- Ozdemir, A. (2015) Kazakchada renk kavramı ve renkler [The concept of color in Kazakh colors]. Erzurum. (in Turkish)
- Ozturk, Sh. (2013) Türk Kulturunde Renk Kavramı Ve Renklerin Maddi Kultur Unsurlarına Yansımaları [The Concept of Color in Turkish Culture And The Reflection of Colors on the Elements of Material Culture]. Ankara. (in Turkish)
- Pansat, Zh., Khalikova, N. (2023) Emotsyalyk, ekspressivti sozderdegi tustin magynalyk yerekshilikleri: Kazak tilindegi «Kok» ugymy [Semantic Features of Color in Emotional, Expressive Words: The Concept of “Blue” in the Kazakh Language]. International Journal of Society, Culture and Language.
- Smagulova, G., Mankeeva, A. (2016) Tur-tus atauları men renkleri: Tusindirme sozdik [Species-color names and shades: Explanatory Dictionary]. Almaty. (in Kazakh)
- Turik tilinin jinak sozdigi. TDK (2009). Derleme sözlüğü V. Ankara. (in Turkish)